

ҒТАХА 17.07.29

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430204>

**Мәуленов Алмасбек Анықбекұлы<sup>1</sup>,**

филология ғылымдарының докторы, профессор,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет, Қазақстан Республикасы, 050040,  
Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,

[almas.maulenov@gmail.com](mailto:almas.maulenov@gmail.com), ORCID ID: 0000-0002-2467-1218

**Мамыров Азамат Ибраевич<sup>\*2</sup>,**

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

«Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан  
Республикасы, 090006, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 194, [mamyrov.69@mail.ru](mailto:mamyrov.69@mail.ru),

ORCID ID: 0000-0002-5262-9789

## **А. АЛТАЙДЫҢ «ТУАЖАТ» РОМАНЫНДАҒЫ НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ АРХЕТИПТІК НЫШАНДАРЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада А. Алтайдың «Туажат» романындағы неомифологиялық мотивтердің арғықазақ мифтерінде көрініс тапқан архетиптік нышандар қарастырылады. Әлемдік және отандық әдебиетте мифке деген қызығушылық пен ізденіс арта түспесе кеміген жоқ. Қазақ мәдениетінің құрамдасы болып саналатын ұлттық әдебиетіміздің прозасы да бұл үрдістен тыс қалған емес. Қазіргі адамзат қоғамы қанша жерден экномикалық қиыншылыққа кездесіп отырса да, заманалық отандық әдебиет рухани-мәдени жаңғыру үстінде. Бүгінгі күнгі төл әдебиетіміз арғы қазақ архетипінен нәр алып, замана талабына жауап беретіндей шығармалар жазылып жатыр. Ұлт жазушылары мифтің көмегімен әлемдік мәдениетте көрініс тапқан мистикалық, утопиялық және қорқыныш-үрей тудыратын фобиялық шығармашылық формаларына еркін бойлап, өз ойларын символдық астарлы бейнеде суреттейді.

Мифология Асқар Алтай шығармашылығында өзіндік поэтикалық ойлауына айналып отыр. Осындай ойлау машығы автордың реалистік және постмодерндік ағымдардың мифтену үрдісінің табиғатын толық шығармашылықпен меңгергендігін танытады. Бүгінгі қоғамға жат түрлі жағымсыз құбылыстарды бейнелеуде автор өз назарын миф пен фольклорға аударады. Сондай-ақ ол бұрынғы тұрақты және дәстүрлі мифтік шаблондарды түрлі өзгеріске түсіріп байытты.

Көркем прозаның философия және психологияға жақындығы бүгінгі әдебиеттануда дәлелденген ақиқат. Сондықтан бүгінгі реализм үстемдігінен бірте-бірте алшақтап, жаңа абсурдтық, визуалдық және мистикалық шығармалардың өмірге келу дәуірі авторлық мифпен байланысты.

Осылайша ХХІ ғасыр басында түрлі жанрда жазған қазақ прозаиктері әлемдік және арғықазақтық мифологиялық материалдарды еркін меңгеруге кірісті. Асқар Алтай шығармашылығында түрлі мәдени ареалдар мен әдеби реминисценциялардың басын көркем мәтін кеңістігінде бір жерге қосты. Автор дәстүршілдіктің орнына өзіндік қасиетке ие, сөйлеу мәнері де өзге, өмірді түсінуі де бөлек заманалық «әңгімеші» баяндайтын жаңа мифтемелерді тудырды.

*Кілт сөздер.* архетип, постмодерн, мифология, мифтену үрдісі, неомифология, авторлық миф.

*Кіріспе.* Қазақ авторлық неомифологиясы өзін тек мәдени-философия, психоаналитика, әдебиеттану аясында бірлікте алғанда ғана айқындалады. Біз өз

авторлық неомифологиясын өмірге әкелген Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы неомифологиялық мотивтердің архетиптік нышандарын талдаймыз.

Қазіргі қолымызда бар аталған қаламгердің мифологиялық мәтіндерінің ең керекті дегендеріне ғана тоқталмақпыз. Ал, мифтік элементтер ұшырасатын барлық туындыларына интерпретация жасайтын болсақ, онда өзіндік авторлық неомифология қалыптастырған қаламгерге жеке тарау емес, тұтас бір арнайы монография жазуға тура келер еді. Сондықтан біз мифтік мотивтер аясында Асқар Алтайдың «Туажат» әңгімесінен кейбір үзінділері бойынша ой толғағанды жөн көрдік.

Қазіргі әлемдік әдебиетте «Түрлінше (Құбылған) адам» феномені өзекті тақырыптардың бірі болып, түрлі пікірталастардың орнына айналып отырғаны шындық. Алғашқылардың бірі болып зерттеу объектісіне айналып келе жатқанын көруімізге болады. Оған мысал ретінде Умберто Эконың («Раушан атауы»), Милош Кундераның («Жан күйзелтер тіршілік жеңілдігі»), Патрик Зюскиндінің («Парфюмер») т.б. шығармаларын атап өтсек те жеткілікті. Қазақ әдебиетіндегі «түрлінше адам» феномені енді-енді қолға алынып, зерттеу объектісіне айналғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Біз осы феноменнің ұшырасуын Асқар Алтайдың туындыларынан көбірек кездестіреміз.

Бұған дейін кеңестік темір шымылдықымен бүркенген қазақ әдебиеті Шығыс және Батыс әлемінен тысқары дербес өмір сүрсе, енді егемендік дәуірінде өркениеттер мен мәдениеттер арасында аралас-құраластық, диалогтық сұхбат орнағанын жақсы нышан деп қабылдағанымыз жөн. Әрине қазақ әдебиетінің өкілдері шәкірттік үйрену мектебінен әлдеқашан өтіп, қайта ұлт жадын мифологиялық тәмсілдермен қайта жаңғыртудың бастауында екені айқын. Адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған көптеген мифологиялық құндылықтарын, көркемдік дәрежеде талдап, қорыту мәселесі күн тәртібінен әлі де болса түсе қойған жоқ.

Бүгінгі таңда қаламгерлеріміздің неомифологиялық бағытта жазып жүрген шығармаларын екі бағытта алып қарастырумызға болады. Оның біріншісі – постреалистік дәстүрден бас тартушылық болса, екіншісі – жаңадан орныққан мифологиялық көркемдік жүйені кең ауқымды тарихи аяда бағзы және төл мәдени құндылықтарға бет бұрғызып, оны түрлі формада айшықтап ұлт әдебиетіне енгізудің үрдісі, жаңа жағдайға бейімделушілік деп ұғынған дұрыс.

Міне, осы мәселелерді тереңнен толғап, жан-жақты зерттей түссек сонда ғана бүгінгі қазақ әдебиетіндегі неомифологизмнің ұстанымы түсінікті болар еді. Осы бағытқа ден қойған қаламгерлеріміз әдебиеттегі ойын технологиясын жете меңгеріп, бұрын мүлдем болмаған мифтік персонаждарды өмірге әкеліп, өздері туындатқан мифтік мотивтерге жаңа мағыналық коннотация (лат. *connotatio* – қосымша мән) енгізеді.

**Зерттеу әдістері.** Неомифтік бағыттағы біз санамалап көрсеткен қағидаттар мифтік мотивтердің Асқар Алтай шығармашылығының сыр-сипатын ашуға септеседі деп ойлаймыз. Осыған байланысты жазушының «Алтайдың алқызыл модағайы» атты роман-мифіне байланысты авторлар А. Нүсіпәліқызы мен А. Мауленовтің Ұлар аңшының қоғамнан жатсынып жалғыздықта өмір сүруін қарастырған мақаласындағы мына бір ойды атап өткеніміз жөн деп есептеймін:

«Біріншіден, туындының бөлекше бітімімен «роман-миф» атануы, мұндай жанрдың қазақ прозасында бұрын-соңды бой көрсетпегенін танытады. Шығарманың қайсыбір образын айшықтау, қайсыбір ойларын нығыздап шегелей түсу мақсатында миф парадигмалары үстемелей пайдаланылады. Екіншіден, «Алтай балладасында» идеал атаулыны мансұқ ететін, ұстаздық тағылымдардан бойын аулақ ұстайтын постмодернизм әдісі де ұшқын атып отырады. Ерекше атап өтерлік, тағы бір үшінші ерекшелігі – фрейдизмге, одан бұрынғы жаһандық әдеби құбылыстармен жанасымдылығы» [1], – деген тұжырым осы «Туажат» әңгімесіне де қатысты.

«Туажат» әңгімесінде Асқар Алтай өзінің бас кейіпкері Байбура арқылы ежелгі грек мифіндегі Прометей сияқты ұлттық антиқаһарманды сомдады.

«Туажат» 2011 жылы жазылып, автор тарапынан «Тамұққа түскен сәуле» дейтін қосымша атау беріліп, 2012 жылы «Жұлдыз» журналының №1 санында жарияланды. Осы бітімі бөлек туындыны Abai.kz сайты 2016 жылдың 12 желтоқсанында оқырман қауымға ұсынды. Әңгімедегі негізгі кейіпкерлердің бірі – Байбура. Бас кейіпкердің атының өзі де мифтік құпияға толы. Қазақ танымындағы «бура» атауы жолындағысын тайпап өтетін ғаламат күштің символы. Автор мұндай атауды бекерден-бекер теліп отырмағандығы шығарма сюжетінен айқындала түседі [2].

Романның жаңашылдығы мен ерекшелігіне әдеттегі Құдай, Табиғат, Жан, Мән сияқты әдеттегі мифтемелер ендігі жерде қолданыстан қалып, бұрынғы белгісіздік, тылсымдық алаңының орнын әр адамның ішкі дүниесі басып, қаламгер ендігі жерде қосарланған жаңашылдық сипатына бағыт ұстанауын жатқыза аламыз. Осы орайда филология ғылымдарының кандидаты Айман Ментебаева: «Жазылған уақытына қарамастан қос туындыға тән бір ортақтық бар. Ол – жалғыздық. Автордың өзіне осы тақырып етене жақын тәрізді, жалғыздықтың мәні мен мағынасын, қадірі мен қасиетін жақсы білетіндей», – деп ой түйіндейді [3].

«Туажат» романында да автордың ұстанған бағыты айқын. Тағдырдың тәлкегіне түскен бас кейіпкер Байбураның шытырманға толы өмір жолынан күй шертеді. Автор өз кейіпкерін кеңістіктік пен уақыт өлшеміне шартты түрде бағындыра келе, мифтік параллелдер арқылы сәтті бере білген. Бас кейіпкер Байбура бірде Алматыдағы желтоқсан оқиғасына қатысып ғайыптың көмегімен құтылып кетсе, бірде Кеңес әскерлерінің қатарында ауған соғысында қырғын ішінен қалай аман қалуы суреттеледі. Жазушы өзінің мол тәжірбиелік қаламына сүйеніп мифема мен мифологемдерді орынды қолданады. «Туажатта» архаикалық, классикалық және тұрмыстық мифологияға тән белгілер автор тарапынан интерпретацияға түседі.

Сондай-ақ шығармада еуропа модернизмінің мәтіндерінде ойдан шығару мен шындық болмыстың ара шегіндегі қаламгерлік ойынға тән иллюзия мен реалдылық шекарасы шындыққа сай шартты негізде суреттеледі. Мұндай жаңашыл бағыттағы әдіс-тәсілдерді қолдану қаламгерлердің семиотикалық белгілер мен мифтендіруді игеруі арқасында мүмкін болатын шығармашылық процесс. Швейцар ғалымы К.Г. Юнг: «Қоғамдық ортадан шет қақпайланып, өзін сол ортадан бөлектеніп қалғандарды – «жалғыз» дейді. Олардың шын мәнінде жалғыз еместігі де белгілі екендігін атап өтеді [4].

**Талқылау.** Автордың суреттеуіндегі Байбура сол кезеңдегі қоғамда орын алған әділетсіз жағдаяттарға қарсы күреске шыққан жиынтық образ. Өйткені, неомифологиядағы антиқаһармандардың бәрі де – жалғыз. А. Алтай осы әңгімесінде архаикалық мифті түрлендіре отырып, бас кейіпкердің нақты іс-әрекеттері арқылы жалғыздықтың түп негізін ашып береді. Байбура образы біздің қоғамда орын алған түрлі кісі сенгісіз стресстік жағдайларды бажайлап, содан белгілі бір нәтижелі қорытынды шығарудың мүмкіндігі деп қабылдаймыз. Осы неомифологиялық бағытта Асқар Алтай өз жолын алғашқылардың бірі болып «Туажат» арқылы таба білді. Жазушы Түркі халқының Көк Бөріден тараған аңызын негізгі сюжеттік лейтмотив ретінде ала отырып, бас кейіпкерінің бүкіл тағдырын аумалы-төкпелі заман ауанымен шебер қиюластыра бейнелейді.

Соғыс қашанда адамзат баласына қасірет пен қайғы, бүлінушілік пен тонаушылық әкелетін зұлмат майданы. Мұнда жеңген де, жеңілген де болмайды. Бұл соғыс аксиомасы. Соғыс туралы осы бір архетиптік ұғымды Асқар Алтай:

«Соғыс аяқталмайды. Соғыстың аяқталуы – соны соғыстың басталуы... – деді өз-өзімен сөйлескендей байыппен. – Жаңа соғыс бұрынғы соғыстардан да жойқын... сұрапыл болмақ. Сұрапыл жалғаса бермек... Бұл адам баласына тән ашқарақ, аждаһа құбылыс. Тоятсыз нәпсі әрекеті. Нәпсісін тыя алмас пенде бейшаралығы. Сорлылыққа бас ұрған адамбыз» [5], – деп соғыстың миллиондарды жалмайтын алапат зұлмат екенін кейіпкерінің ойы арқылы танытады. Кезінде бабаларымыздың алып империялар құрып, әлемдік аренада абройларының қаншалықты дәрежеде болғандығын тарих беттерінен ғана білетін өкінішіміз өзегімізді өртегендей болады.

Автор Байбура бейнесі арқылы қаһарманның қайта тірілу мифтемесімен ұлт рухының қайта бой көрсететінін танытқандай болады. Оны біз автордың мына бір үзіндісінен: «Сен нағыз сарбазсың! Тәніңмен де, жаныңмен де... Сен соғыс үшін туғансың. Тұла бойың тұнған күрес... Жалдамалы Рим сарбаздары да сендей бола алмайды, қанша баптаса да. Саған соғыссыз күн жоқ. Соғысудан басқа мақсат та жоқ. Соғысу... соғыса беру. Өлсең де соғыста өлу... Иә, соғыста өлуің керек. Қаның қан тілеп тұр. Нағыз войн! Нағыз бөрі! Мыңжылдық сарбазсың...» [5], – деген тіркестер автордың ойын айшықтай түседі.

Бұл шығарма – тәмсіл тектес (притчеобразность), лирика-философиялық медитация, адам мен табиғаттың тіршілігіндегі константтарға (жорық, соғыс, жол, су, ошақ, тау, жастық шақ, қарттық, махаббат, ауру-сырқау, өлім мен өмір және т.б.) сүйене отырып, «сана ағымы» мен «ұлттық кодтың» шарпысуына құрылған кесек туынды. Шығарма бойында біз жоғалтқан баба қазақтың жауынгерлік рухы атойлап жүреді. Бұл шығарманың басталуы мен аяқталуы жоқ сияқты. Тек онда ұлттық рухтың үзілмей келе жатқанына куә боламыз. Өлу мен қайта тірілу архетиптерін айналымға түсірген жазушының шеберлік қыры барынша айқындала түседі.

Қазіргі қазақ прозасында киенің атуы мотиві жиі кездесетін құбылысқа айналды. Ежелден сөз бен іске беріктік. Айтқан сөзде тұру мәрттік пен намыстылықтың көрінісі. Оны аттағандар мен бұзғандар қарғысқа ұрынып, қатал жазалауға ұшырайды. Осы бір мотивті салыстыра қарасақ Талғат Кеңесбаевтың «киенің ұруы» мотиві «Лениннің бәтеңкесі» атты әңгімесінде былайша көрініс тапқан:

«Жазушының көз алды бұлдырады...

Екі кісілік палатаға көшірілгеннен бері жағдайы жақсара бастады. Жанындағы орыстың шалымен бір-екі партия шахмат ойнады. Шал мықты. Ойыншы. Ойлы. Күрсіне береді. Ол бірде сұрады Жазушыдан:

– Осы қазақта иттің киесі деген ұғым бар ма?

– Бар, – деді Жазушы.

– Онда мені құдай атты, – деп шал өз-өзіне «мат» жасап, орнынан атып тұрды. – Преставляешь, мені атып өлтіретін адам жоқ.

– Неге?

Шал айтты. Бәрін. Стадионда дәу төбетке әлсірететін дәрі салған. Текті итке. Өте сирек кездесетін асыл тұқым Қазақы төбетке. Таластырудың алдында иесі көп өтінген. «Менің итім бәрін жеңеді. Бірақ біреудің овчаркасынан жеңілуі керек». Көп ақша берген. Бұл салған. Уколды. Енді, міне, сол ақшаға дәрі-дәрмек укол алып, өзінің жаны қалған.

Жазушының безгегі ұстағандай қалтырады. Шалға: «Иттің жаман десе, намыстанған қазақ, бүгінде...» – деп айтпақ болған. Айтпады.

Шал сөйлеп отыр, сөйлеп отыр. «Әттең, әттең, ағалар-ай» [6] деп ой кесектейді.

Осы киенің атуы немесе қарғысқа ұшырау мифологиялық мотиві «Туажатта» да ұшырасады. Бөріні тотем деп таныған қазақ жұрты да қасқырды киелі аң санаған. Қазақтың сертке беріктігі «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы ант үшін жан берген Сарыбайға қарама-қарсы тұлға Байбура. Жазушы шығармасында Байбураның жалғыз

қалуын ант бұзғандығында деген емеурін танытатын сияқты. Түркі жұртына киелі боп саналған қасқырды тірідей терісін сыпыру сценасы осыған дәлел. Өзінің сүйген қызы Алқабегімге уәде ете тұрып, берген антын бұзады. Бұның жалғыз қалуы антын бұзғандығында, бір Байбура емес, ұлттың да ант бұзған дәуірі болды. Соны бір арқылы мыңның атынан беру полифониялық мына жолдардан аңғарылады:

«Ал сүйгені Алқабегім қойнына тығыла тұрып: «Бура! Енді қайтып бөріге жоламашы. Жоламаймын деп ант берші!.. Қасқырдың қарғысы қатты ғой.

Оған қайтып қатыгездік танытпашы!» деп жалынған. Сол сәтте бұл арсыз: «Алқа, жаным менің! Бөріге қайтып қол көтермейін, бірақ... сен... сен бүгінгі түн барыңды сыйлашы! Ант етейін, Болат досым ғой бөріні тірідей терісін сыпыртқан... қайтып қасқырға жуымайын!» деп үздігіп еді-ау. «Екеуіміздің болашақ ақжол тағдырымыз үшін... болашақ бақытымыз үшін бөріге қол көтермеші, Бурам! Болат бір арамза... Жоламашы! Ант етші! Мен сендікпін! Асықпашы! Аптықпашы! Әлі үлгересің ғой... Кезі келеді», – деген сүйіктісі.

Маусымның мұңсыз таңын Қарасеңгір тауының басында екеуі айқара құшақпен қарсы алған. Бұл бөріге қол көтермеске ант-су ішкен» [5]. Кезінде бөрілі байрақты ұран етіп, атой салған түркі жұртының бүгінгі жалғасы өз тарихын жарамсыздыққа айналдырып отыр. Ол өз тотемін керексіз еткен, ата бабаларының киесіне ұрынып отырған бүгінгі күннің ұрпағы. Автор осы бір мифема арқылы өткен дәуірдің қасиетті, сакральдылық дүниесін танытқандай көрінеді. Әңгімедегі Байбураның өліп-қайта тірілуі автор тарапынан бүгінгі күннің жаңа мифологиялық әдістемесін еркін меңгерген шығармашылық қуаты. Көне мифологиялық сюжеттерді қайта жаңғыртып, оны өз тарапынан еркін заманалық қалыпта интерпретациялау арқылы бас кейіпкердің ішкі жан дүниесін психологиялық тұрғыдан тереңдей таныта түскен.

Жазушы қазақ әдебиетіне ислам мәдениетімен бірге енген мифтік сюжеттерді де орайын тауып, мәтін ішіндегі мәтін астарымен еркін қиюластыра біледі. «Көктен түсер Ғайсадай», «жер жігін жарып шығар Мәдідей» деген сөз қолданыстары арқылы дәстүрлі діни ұғым-түсініктерді орынды орайластырып, бас кейіпкер он жеті жасар жас жігіт Байбура аңшының жалғыздыққа түсу себебін интермәтіндемелік түсінікпен суреттейді.

Біз Байбураның жазушының бұған дейін жазылған «Алтайдың алқызыл модағайы» атты миф-романындағы Ұлар аңшымен ұқсастығы мен одан ажыратып тұрар өзіндік ерекшеліктері бар екенін, шығарманы талдау барысында нақтылай түсеміз.

Біздің түсінігімізше Асқар Алтай өз кейіпкерілеріне адам ойы жете бермейтін қазақтың ежелгі дүние-танымдық этнографиялық деректерін барынша қамтып, шығарманың көркемдік танымын мифтендіре түседі. Халықтың этнографиялық деректерінен қазақтар лаңы тиген қасқырды ұстап алса, терісін тірідей сойып, қоя беретін оқиғаның болатындығы туралы осы күнге дейін айтылып келеді. Автор тарапынан да осы бір ежелгі түркі мифтік түсініктемесіне жан бітіртіп, Байбураға Бөрі-Ана киесінің қайта оралуын кереметтілік қасиетпен теңдестіре алып бейнелейді.

Осыған байланысты ел ішінде ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келген мына бір аңызды салыстыра талдап қарасақ ақиқаттан алшақтамаймыз деймін. Күтпеген жерден жауларынан опық жеген түркінің бір тайпасынан тірі қалған ханзада аз ғана жұртымен, алыстағы Таулы түркі тілдес елге барып паналайды. Осындағы ел басқарып отырған Құртқа оны өлімнен құтқарып, өзі оған тұрмысқа шығады. Одан ұл табады. Ол таққа отырады. Шамамен ол елдің атауы да Бөрі болған. Үрім бұтағы үлкен азамат болып, ел басқарса да Құртқа Анасын пір тұтып, шыққан тегін Бөріге теңеген. Осы Бөрі-Анаға байланысты айтылған аңыз – әңгімеде керемет, ғажайыптық, киелілік қасиеттер автор тарапынан мифологиялық сарынмен өрнектеле өріліп беріледі.

Байбураның алапат ғажайыпқа кезігуін автор постмодернге тән стиль алмасуымен береді. Біз осы мезетке дейін реалды оқиғаның куәсі болып келсек, енді «фантастикалық реалдылық» әлеміне өтеміз. Оны шығарманың мына бір тұсынан аңғарамыз:

«Байбураға қарай ақ қардың бетін сәулелі нұрмен шомылдырып, беймәлім боз сағым ақты...

Ал сағым сәуле болса, бұған құрық бойы жақын келіп, шеңберлей айналды. Бөрі басты сағым сәуле барыс құйрықтанып ұзара берді. Ол бөрі сәулелене сағымданып, ұзара өсіп, мұны шеңберлеп алды. Бөрі сұлбалы дөңгеленген алып сағым сәуле бел ортасынан ұзара өсіп кетіпті. Шеңберлей созылған бөрі сұлба құйрық тістесіп, мұны қытай қорғанындай қоршап тастапты...

Сонда ғана өзінің шеңберлей қоршаған сағымды сәуле тұтқынында қалып, сиқырлы бөрі сұлба арбап алғанын білді» [5].

Осылай Байбура досының айтақтаған сөзіне еріп, өз тотеміне қарсы шығып, аңның киесіне, ата-баба аруағының қарғысына ұшырайды. Бірақ автор санадағы жүріп жатқан сапырылған сансыз ойдың сілемін шашыратып алмай, тізбектете тарақатып өзінің мақсатына қарай бұра түседі. Қарға оятқан Байбура тағы бір ғажайыпқа кезігеді. Біз автор стилінен мистикалық реализм сілемдерін аңғарамыз. Біз білетіндей қарға құсы да арғы қазақ тотеміне жатады. Оның ұзақ жасайтындығы туралы түркі жұртында неше бір түрлі мифтер қалыптасқан. Автор осы бір мифеманы да ұмытпай өз кейіпкерінің образын ашуда орынды қолдана білген. Өзіне тән авторлық мифтеме түзу А. Алтайдың шынайы шығармашылықпен игерген әдеби тәсіл екеніне күмән келтірмейміз. Автор бас кейіпкерін о дүниеге аттандыра отырып, араға 23 жыл салғызып, оқырманына «Мурад Мамедоғлы» деген әзірбайжандық құжатпен қайта таныс етеді. Әдеби шығармадағы кеңістік пен уақытты барынша сығымдай түседі. Ол әңгіменің баяндау тәсіліне өзіндік өрнектей боп өріледі. Бұрынғы ауылдас досы, бүгінде тіс дәрігері Болатпен кездесуі былайша көрініс тапқан:

– Қайда тоқтадың? Түк өзгермепсің, Бура!

– Сонша неге таң қалдың? Өзгермесем... – деп тығылып қалды.

Болат шылым тұқылын тағы бір құшырлана сорып, босағада тұрған қоқыс салар түбекке тастады.

– Сен аруақ болғалы қашан? – деді Болат, бірдеңе айта ма деп Байбураға қарады, бірақ ол өзіне таңдана көз салып тұр екен. – Құдайға рас, сені өз қолымызбен қойғанбыз. Ауылдағы зиратта – әкеңнің жанында жатырсың...

– Әкем қайтыс болып па еді?! – Байбураның дауысы бұзылып шықты» [5]. Осы бір бір шағын диалогтан Байбураның араға қаншама жылдар салып елге оралғанын аңғарамыз. Тағдыр тәлкегімен басын тауға да, тасқа да ұрған қазақ ұлының трагедиялық хәлі. Соншама жыл хабар-ошарсыз кеткен Байбура. Атамекен, атақоныс, бабалар бейігі деген қастерлі архетиптік ұғымдар санасына сансыз сұрақтар қояды. Ол Байбураның қанында тулап жатыр. Өз әкесінің бұл дүниеде жоқ екенін Болаттан естіп, біліп отыр. Аянышты тағдыр. Өзінің сүйіктісі Алқабегіммен қоштаса да алмай кеткен жігіттің қырықтың қырқасына іліккенде еліне қайта оралуы – бәрі жазушының өз бағыты мен жазу стилін тапқандығын көрсетеді. Біз Асқар Алтайдан түрлі стильдердің алмасуын айқын аңғарып отырамыз:

«– Е-е, Алматыны қойшы, адамдарды айтсаңшы! Қорқауға айналды... Ақша-ақша... ақша... Қайда бара жатырмыз? Түбі қайырлы болсын! Дағдарыс ақшалай емес, адами дағдарыс па деп қорқам. Қорқау емес пенде қалмай барады ғой.

– Ауғандықтар ақыр заманның бір белгісі дейді ондайды.

– Дәл өзі, Бура! Ақыр заман басталып кетті ме деймін. Ақыр заманды ақшамен өлшеу керек шығар... Қойшы, сол сайқал қағазды! Өзің туралы айтшы! Обед уақыты да

таусылып барады. Осы уаққа дейін Ауғанда жүрдің бе?» [5], –деп орынды бере білген. Қазіргі қазақ шығармаларының мәтін бойында жиі кездесетін ақырзаман туралы ойды қаламгер оқырман сұхбаттастылығы арқылы тиімді пайдаланып отыр.

Автор осы сұхбат барысында қоғамда өз орнын таппай қалған жандар турасындағы өз ұстанымын бас кейіпкер арқалы суреттей білген. Бұл кеңестік жүйенің құрбаны болған талай азаматтардың өмірі мен тағдыры.

Сондықтан да ұлттық жады ешқашан ұмытылмайды. Ол жаңғырып отырады. Көне көк түркі жазба ескерткіштерінде тасқа басылған жазулардан білетініміздей, төрткүл дүниені тұлпарларының тұяғымен дірілдеткен, өмірін соғыс пен жорық үстінде өткізген бабаларымыздың ерлік ұшқынын біз Байбураның бойынан табамыз. Ол тек киелі Ана бөрінің артынан кеткен жоқ. Түркінің жауынгерлік рухын қазақ оқырманымен қайта таныстыратын, табыстыратын архетиптік кодты оралту үшін кетті. Енді осыны жазушы қалай беріп отыр соған тоқталайық: «Қу басын қорғасын оққа байлап жүрсе де, жат жұртта қалдырмасқа ант ішкен.

Сол жолда небір сұмдық-сойқанға барды. Жауының қызыл қанын ішті, жансерік жанның қамау терін сыпырды. Жат жұрттық боп өткен өмірі өзегін өртеп, туған елге деген сағынышы шемен-шерге айналып, бір күн, бір мүйнет те күдерін үздірген жоқ. Ішінен тынған сайын қас бөрідей қасарып, жат жұрттың жұлынын кеулеген қарабас құрттай қайқайып, ұлы мұхиттың мұнарлы тереңіне түнеген ақбауыр ақуладай билеп бақты. Араны ашылған қандыбалақ сарбазға айналды» [5]. Бойына біткен қас батырлық рухы қолдап, жат жерде қалдырмай туған еліне әкеп отыр. Осының бәрі әңгімеде ешқандай күмән туғызбайды, қайта Байбураның азаматтық борышы мен парызын адал атқарып келгенін көреміз.

Қазақ адамды көрде жатса да тек жатқызбайтын жұрт осы қасиетімізді «Бішкек-Новосибирь» поезына отырғалы тұрған Байбураға Болаттың аузымен жеткізеді:

«Білмеймін, Бура, сол кезден бері менің жүрегімде бір мұз моншағы қалды... Сені алғаш көргенде сұрағым келген, бірақ аядым. Өзімді де жайсыз сезіндім. Өкенді естірткендей күй кештім емес пе?! Қазбаламадым... Ол Алқабегім екеуіңнің араңдағы жағдай ғой. Өзің білесің де... Дегенмен, ауылдағы жұрт сені «сатып кетті» деп жүр... Алаңға тастап кетіпті, Алқа қолға түсіп қалыпты. Сондықтан сорлады... Содан сотталды...» [5] деп шығарып алған.

Автор осы бір сұхбат арқылы Байбураның артында ұлы бар екенінен хабардар еткендей болады. Арпалыс өмір мен тайталас қоғам есін алған Байбура туралы бұл хикая оқырманмен ойынға құрылған қазақ әдебиетіндегі мифтік мотивті бірде ашық, енді бірде жасырын ұштастыра отырып, соны үрдіс екендігін мәтін тереңіне бойлаған сайын анық аңғара түсеміз.

Швед қызы Мария-Агатаның портретін жазушы: фольклорлық үрдіспен, қазақ жанына жақын қоңырқай түсті мол шашы да иығын жапқан, тоқ балтыр, бүйрек бөксе, құмырсқа бел қыздың сұлу мүсіні қысыр жыландай арбаған деп суреттесе. Одан әрі ақсары өңі ат жақты, пісте мұрынды, етженді ерінді келбет те келісті-ақ. Дауысы да ашық. Қимыл-қозғалысы да жас адамға тән жеңіл. Киім-киісі де жинақы, әскери, – деп мәтіндегі стильдерді алмастыра отырып сипаттайды.

Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байрағым, Ұрандап алға тартқанда. Қозып кетер қайдағым» [7, 18] деген мәтіні қылаң беретінін де айта кеткіміз келеді.

А. Алтайдың бұл туындысында қасқырлар мәселесін көтеруінің символдық мәні бар, себебі, роман-миф жарық көрген кезде түркі халықтарының басым көпшілігі егемендік алып, түркілік идеялар осы заманның ең өзекті мәселесі ретінде көтеріле бастағаны белгілі. Құрып кеткен қасқырлардың бір туындының бас кейіпкерінің түсінде, я өңінде көрініп барып, аңшы жігіт Байбураны өзімен бірге ертіп әкетуін бейнелеу

арқылы автор түркі халықтарының ежелгі біртұтастығын қалпына келтіруге кедергі келтіріп тұрған шешуін таппаған мәселелердің молдығын мегзеп тұрғандай. Жазушы байырғы қазақ дүниетанымындағы қасқыр тотемінен туындаған мифтік образды қазақтың жаңа прозасына өзінше трансформациялайды.

Мария-Агатаны федералдардың қолына түсірмей құтқаруда Байбураға тағы да Көк бөрі көмекке келеді. «Бұған таныс боз сәуле көк төрінен көк тұман тұтқан жерге – тап қарсы алдарына саулай құйылды. Лезде әлгі сәуле бозаң бөрі сұлбасына айналды. Құйрығы салбыраған боз бөрі бұларға басын бұра қарады. Шоқтай қызыл көздері жарқ етіп, үрейленіп тұрған Мария-Агата мен Мұхаммедтің мысын басты. Байбура ғана селт еткен жоқ. Ажал аузынан алып қалар Ана-Бөрі оралған еді.

Бозиесі бұлаңдай алға түсті. Көк тұман тұтқан дүниені көк төрінен түскен боз сәуле жарып барады. Соңынан сорлы пенделер еріп барады.

Ана-Бөрінің соңынан Байбура нық қадаммен алға озды...» [5].

Ұлттық тотемді ұтымды қолдану арқылы жазушы тамаша туындыны өмірге әкеле білді. Оның дәлелі сюжет желісі бойындағы бөрі бейнесі мен киесінің өз оқырманын елітіп отыруы. Және оқиға бір жерде өтпейді. Әлемнің әрқиырында түрлі тағдырларды тоғыстыра, ажырастыра өріліп, санаңа сансыз сұрақтың сәлесін түсіреді.

Ұлттық жадыда ерекше тылсымды жерлер, әлемнің кіндігі сияқты мифтік ұғым-түсініктер бар. Соның бірі – жер кіндігі саналатын – Мұзтау. Ол әлем мифологиясында түрліше аталғанымен географиялық орналасуы бәрібір қасиетті Алтай тауына бастап алып келеді. Автор осы турасында кейіпкер әңгімесі арқылы том-том кітапқа арқау болар мәліметті аз сөзге көп мағына сыйдырып береді:

«– Бур, – деген осы сәт Мария-Агата, – неге үндемей қалдың?

– Үндегенде не деймін?

– Бірдеңе айтсаңшы!

– Айтатын не бар? Өзің айт, мен тыңдайын.

– Солай ма?! – Мария әрі таңырқай, әрі қулана жымыды. – Айтсам, – мен сенің Алтайыңда болғам. Белуха бауырыңда... рериховшылармен бірге. Ресейліктер ертіп барған... Атқа салатын ерге ұқсайды ғой ол тау.

– Мұзтау, – деп қалды Байбура.

– Қалай? Қалай?

– Қазақтар «Мұзтау» дейді. Мұздан қаланған шың дейді...

Алтай – жер бетіндегі адам тілмен айтып жеткізе алмайтын сұлулық пен ұлылық мекені... Oh, эврика!» [5].

Біз жазушы шығармасынан Кеңестік империядан кейінгі дәуірдегі дал болған өзімізді, өз буынымыздың әрі-сәрі күйін, моралдық-психологиялық ахуалын танимыз. Біле түсеміз. Осыны түсіну мифтік мотивтерден бастау алатындығымен ерекшелене түскен.

Асқар Алтайда ұлттық және әлемдік мифтік, архетиптік ұғым-түсініктер мүлдем араласып кеткен, түп негізін қолға ұстатпайды. Біріне шап берсең, екіншісінің шеті қылтып шыға келіп, оқырманмен армансыз ойын ойнайды, санаңды сарсылтып, ойыңды арбайды. Әлем және христиан мифологиясында «адасқан ұлдың оралуы» діни мотиві бар. Осы мотив «Туажаттың» лейтмотиві болып өріліп отырады.

Әңгімеде адасқан өмірінің ақ түтегінде пана болған Төребейіт туралы айтылатын мифтеме бар. Шыңғыс хан тұқымы – Әбілпейіс төре ұрпақтары көтерген Төребейіт. Бұл атам қазақтың жер-суын кие тұтуының, билеушілерін көкке көтеруінің этнографиялық келбетін танытады.



Мифтік мотивтермен өрілген шизоанализ қолданысын әдебиетімізде терең пайдаланып, шығармасының бойына ендіріп жүрген санаулы қаламгерлеріміздің бірі – Асқар Алтай.

Оны автор шығармасында былайша суреттейді:

«Он жетісінде бұған да пана болды ғой. Пана ғана емес, алай-дүлей ақ боран өмірінің ақтүтегінде адастырмай алып жүретін Бозиесі – Ана-Бөрісін көк төрінен шақырған да осы төре мола. Боз боран дүниеде бозбала Байбураны Ана-Бөріге тәңірідей табыстап жіберген де осы Төребейіт. [5]. Біз қаламгердің туындысын көлемді етіп беріп отыруымыз оның мәтінін әдеби талдауда бұзып жарып қолданатын болсақ, онда автордың айтар ойын, оқырманымен ойынын келте қайырып, мәселенің не туралы өрбіп отырғандығын аяқсыз қалдырамыз.

Кейіпкердің түс көру, аян беру амалымен біз ғажайып әлемге аяқ басамыз. Ата-баба тотемнің қошеметіне бөлену арқылы біз бағзы мифтік ұғым-түсініктің құпиясын ашқандай күйге түсеміз. Авторға оқырман ретінде алғысымызды айтып, өзімізше ой өрбітіп, қиял шарықтатып, қаламгер туындысының қосалқы туындыгеріне айналып шыға келеміз. Міне, осылайша қазақ неомифологизмінің тамаша туындысымен табысқандай боламыз. Шығарма бойындағы жасырын арналардан бабалар рухын аңсап, сана ағымымен сан саққа ой жүгіртуге көшеміз.

Автор түс көруді ата-баба сенімі дәуіріндегі есте жоқ ескі кезеңдегі түсінікпен орайластыра, келістіре отырып бейнелейді. Байбураның желмен ұшып кетуі, әкесінің сайтанды ұстап алуы сияқты ұлттық коларитке толы тылсымның қазақ әдебиетіндегі шынайы ашылуына ұластырады. Сонымен бірге «Ерекше өмірге келу» мифтік сюжеті қазақи қалыпта тамаша өріледі. Осы қара құйын оқиғасынан кейін Байбура анасыз өседі. Соның өтеуі ретінде тотемдік Ана – Бөрі анасы боп оралады. Байбураны талай төніп келген ажалдан осы Бөрі-Ана киесі алып шығады. Бұл да автордың тыңнан сүрлеу салған жолы деп бағалауға болады.

Байбура жай кейіпкер емес. Ол қазақ неомифологизмі аясында магиялық реализм дәстүрінде ұлттық ерекшелігімізді толыққанды танытатын ілкі қаһармандардың бүгінгі заман адамның бойына барша болмысы мен тағдыры тоғысқан бейне. Оның туған жерге келіп, әке бейітіне құран оқып, тағзым етуі бұрынғы түсінікті жоққа шығармайды. Қайта «өлі риза болмай, тірі байымайды», – деген ұстанымызды бекіте түскендей болады. Осы жерде өзінің де жерленген деген жазуына немесе қабіріне куә боламыз. Автор осы қос-қос оқиғаларды үстемелей суреттей отырып, иыққа ауыр жүк арқалата түскендей кейіп танытады.

Әке қабірінің басында болған қазақты көз алдыңызға елестіп көріңізші, қанша жасқа келсе де, өзін балаша сезініп, жатқан жері жанаттағы жаннан қолдау күтеді. Міне, бұл біздің перзент ретінде әке қабірі басында болғандағы өзіміздің кім екенімізді, мына жарық дүниеде не үшін жүргенімізді сезінетін айтып жеткізе алмайтын тылсымды түсінетін сәтіміз. Дәл осындай сезімді біз Байбурамен бірге бастан кешеміз. Не істеп не қойдық деп Алла мен әкеміз алдына есеп береміз.

Жазушы бізді саяхаттың қиял кемесіне мінгізіп, Байбурамен бірге бірде бүгінге, бірде 1986 жылға сапар шектіріп отырады. Мұнда да жазушы тарихи оқиғаны тап басып, айна-қатесіз баяндауға тырысады. Алаңдағы жастардың ерлігі. Күші басым қарулы жасақпен айқасы. Тап бір сол алаң ішенде жүргендей күй кешесің. Бұл да біздің тарихымыздағы шындық. Оған ақиқат көз жеткізесіз. Бізді таңқалдырғаны жазушының қаламынан шыққан жолдар өзгертусіз алынып, сол қалпында қолдануға сұранып тұрады. Тіпті өзгенің сөзін өзіндікі етіп берудің жолын да нұсқайды.

Ұлт тағдыры, оның күйініші мен трагедиясы. Қазақ жастарының аузынан шығып, егемендік дәуірге жол нұсқап тұр. Тағдыр тауқыметін тартқаны аздай терроршы деп

айыпталған Байбура ҰҚМ қызметкерлерінің қолынан қашып асау Ертіске өзін атады. Ертісте аласұрған адасқақ ұлын айлалы Ана-Бөрі тағы да ажалдан құтқарып қалды. Ит көйлекпен туған Байбура тура келген ажалдан бұл жолы да аман қалады. Оқырман жүрегі орнына түсті. Жаны жай тапты. Мифологиялық түсінікте иткөйлекке байланысты С. Қондыбай мынадай пікір келтіреді: «ит – о дүниелік күзетші, ит – өлген адамның жанының кейпі» [8, 140].

Кейіпкерлері турасында прозалық поэзиямен ой төгілгенде Асқар Алтай сөзден маржан тізеді. ... Ол екеуі де жарық дүниеге келгенде бақытты еді. Бақытсыз болғандары кейінірек. Көк аспандай кіршіксіз еді. Кірлегендері кейінірек. Қандай кесек ойлар, кестелі сөздер.

Туындылардағы жолдарды тап бір қаламгер жазбағандай, кейіпкердің аузынан өздігінен ағылып шығып жатқандай сезімге оранасың. Осы шығармадағы «Шын сүйгендердің қосыла алмауы» мәңгілік мифтік мотиві алдан шығады. Жастардың махаббат жыры соңғы қоңыраудан кейінгі эпизод арқылы беріледі: «Мен саған алданышпын... Иә, иә! Аз күнгі алданышпын. Ермекпін... Айдалада шашылып қалар алқамын...

Алқабегімнің айтқаны келді ғой ақыры. Ол бұған бозбала шағындағы аз күнгі алданышы болыпты. Тағдыр атты қатал әмірші екеуін екі айырыпты. Болжалсыз өмірге екеуі де ерттеулі аттай жегіліп, бірі егіліп, бірі бүгіліп күн кешіпті. Ех, арман-ай!» [5].

Өзінің кіндігінен тараған ұрпақ бар екенін Байбура түсіндегі аяны арқылы сезеді. Оның түсіне Алқабегім кірді. Түс көру қаламгерлердің жиі қолдантын әдеби тәсілдерінің бірі. Көбінесе түс көру мотиві мифтің генезисімен байланысты. Осы шығармада да жазушы Алқабегімнің образын ашуда осы бір мотивті оңтайлы қолдана біледі:

«Жармақ сәбидің жан шырылын күтіп жатқандай, Алқабегім оқыс көзін ашып алды да, қайта жұма қойды. Оны бірақ жанталаса тігіп жатқан дәрігерлер байқамай да қалды. Іле Алқабегімнен әлдебір сағым сияқты сәулелі сұлба бөлініп, төбеге қарай көтеріле ұшты». Бұл туынды толып тұрған тылсым мен ұлттың жан сырына толы. Оның тереңіне бойлау үшін авторлық ойынның жетегіне адаспай ере білу керек.

Асқар Алтайдың табиғи шеберлігі оқыс оқиғаларды, оғаш кейіпкерлерді сюжет өзегіне енгізу арқылы кесек оқиға туындата алу. Осындай кесек оқиға туындата алу романдағы «өліп тірілу» мифтік мотивімен байланысты. Осы шығармадағы өлген әйелдің қорлану, зорлану оқиғасы қазақ әдебиетінде А. Алтайдың «Алтайдың ал қызыл модағай» роман-мифінде кездескені белгілі. Бұл роман-мифте автор басқа ой-тұрғысынан шешім тапқызады. Ұлар мен Алтайдың аюы арасындағы айқаспен аяқталады. Ал, «Туажатта» мүлдем ұшыраспаған шетін оқиғаны автор ардан аттамай, мифтік мотив аясында әдеби кескіндей алған:

«Қортық Орақбай Алқабегім жатқан жансыз тәнді арбасы үстіне аудара салып, әкете жөнелді. Оның соңынан ұшып Алқабегім рухы да ілесті.

Қортық, мәйіт, рух – үшеуі де төмендегі салқын жертөлеге лифтімен түсті. Мұнда мәйіттер ақ матаға оралған күйде су төгілген цемент еден бетінде шашылып жатыр екен.

Әлі суынып үлгермеген Алқабегімнің жып-жылы тәнін арбадан аударып тастауға ерінгендей, Орақбай қортық бір мезгіл дағдарып тұрды. Жан-жағына мысықша ұрлана қарап-қарап алды. Ешкімнің жоғына көзі жеткендей болды ма, кенет өзінің иығынан келіп тұрған арба үстіне секіріп мінді. Сол бойда шалбарының ауын ағыта бастады.

Бір сұмдықты түйсінген Алқабегім рухы оқыс сілкінді. Ол әлі де ауын ағыта алмай әлектеніп, арба үстінде, мәйіт тізесінде шоқиып отырған Орақбай жүзін шапалағымен тартып өтті. Қортық бетін әлдеқандай жылы леп жанап өтті. Ол да аңырып қалды да, шешеден бір боқтап жіберіп, ауының түймесін үзіп жіберді. Енді рух та шыдай алмады білем, әлі суынып үлгермеген тәніне Алқабегім қалай қойып кеткенін өзі де сезбей қалды.

Сол сәтте тұла бойы тіксіне шымырлап, жаны ышқына қиналып, төмен жағында томардай шоқиған қортықты шірене тепті.

Ет пен сүйектен біткен бұла тәнде ыстық қан жүгіріп, бұлшық ет ширығып, сана да саралана берді. Алқабегім оқыстан басын көтеріп отырды. Ал Орақбай қортық болса, оқыс жан кіріп, тұтқиылдан тірілген мәйіттен зәре-иманы ұшып, шығар есікке қарай еңбектеп бара жатты» [5].

Біз еңбектей қашқан қортық Орақбайды оқыған сәтте қыз арының кір шалмағандығына шаттанамыз. Осы мәтіннен ләззат алу әдеби тәсіл арқылы автор оқырманын жоқ жерден қайғы бұлтынан арылтып, қуаныш пейішіне ендіреді.

**Нәтиже.** Сонымен бірге біз басында Асқар Алтайдың шетін оқиғаларды шығарма тініне енгізудің қазақ прозасындағы шебер екендігін сөз еткен едік. Тек бүгінгі емес, келешекте де автор мәтіні ішінде мәтін стилін қолданысқа түсірсе таң қалуға болмас деп білеміз.

Асқар қазақ әдебиетінің барша дәуірінің, барша кезеңінің өзіне тән стилін шеберлікпен меңгерге білген қарымды қаламгер.

Автор тек кейіпкер сөзін психологиялық сезімділікпен беріп қоймайды. Сонымен бірге оның бойына түрлі мәдениет пен түрлі ұлттардың салты тоғысқан ақпараттар ағынын да енгізеді. Мысалға: Жаралы жолбарыс секілді жан-дүниесін жыртқыштық жайлап алған тағы ғой, жанкешті сарбаз ғой... «жазым етер» деген күдік көмейіне іркілді. Мария-Агата аузын жиып, тілін жұтып қойды. Жаннан безген жаннан бәрін күтуге болады. Кісі қанын жүктеген пенде емес пе бұл, «Абельді өз қолымен өлтірген Каин» деген ой найзағай отындай санасында жарқ етті. Міне автор өз ойын мифтік мотивтердің өрілімін шындыққа сай етіп көмкере суреттейді.

**Қорытынды.** Туажат адам тудырған қиянқескі қоғам, туажат пенде тіксінген қияметті дүние жалғаса берері хақ. Ал Туажат – осы бір оспадар сұмдығын жасырған жалған дүниеге, озбыр қылығын жасырған қоғамға жат жаниесі. Ендігі уақытта қорланған сезімі, қор болған сенімі жүрегін суынтқан Туажат шыдай алмас... Алапат әрекетке белін байлар, ірі іске басын шалар. Кейіпкердің ой шарыпысы жазушының қаламынан туындаған от шарпысына ұласып, қып қызыл өрттің ішінде қалған беймаза туажат кейіпкермен қимай қоштасып әрі-сәрі күй кешеміз.

Романның соңғы бетін жабарда сезінеріміз бас кейіпкердің аты мен тегі кодтанып беріліп отырғандығын ұғынамыз. Байбура Майдановты әр оқырман өзінше тәпсірлегенмен, бәрібір интерпретация бір-бірінен алыс кетпейді. Майдан даласында қаһарлы Бурадай кәр шашқан бабалар аруағы қонған жан санамызда көрініс табады. Қазақ екенімізді, Қас Сақ екенімізді мимызға ұмытылмастай шегелейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Nusipalikyzy, A., Maulenov, A. Archetypal characters of the mythological plot in the novel of Altay, s “The red Modagai of Altai”. [Text] / A. Nusipalikyzy, A. Maulenov // Science and life of Kazakhstan, 2019. – № 2 (76) – 182-185 p.

2 Түсіпхан, Н. Жазушы жауапкершілігі. [Текст] / Н. Түсіпхан // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2016

3 Ментебаева, А. Жазушының жалғыздық әлемі. [Текст] / А. Ментебаева – «Әдебиет порталы», URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/1956063>.

4 Юнг, К.Г. Душа и миф: шесть архетипов [Текст] / К.Г. Юнг, // пер. с англ. – Киев; М.: Изд-во «Порт-Рояль-Совершенство», 1997. – 382 с.

5 Алтай, А. Туажат. Роман. [Текст] / А. Алтай – «Абай» ақпараттық порталы, URL: <https://abai.kz/post/47398>

6 Кеңесбаев, Т. Лениннің бәтеңкесі. Әңгіме. [Текст] / Т. Кеңесбаев – «Алаш айнасы» порталы, URL: <https://alashainasy.kz/proza/talgat-kenesbaev-leninnn-batenkes-66183/>

7 Аронұлы, С. Толық шығармалар жинағы. 1-кітап. [Текст] / С. Аронұлы – Алматы: Әдебиет әлемі, 2015. – 552 б.

8 Қондыбай, С. Толық шығармалар жинағы. 12-том: Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. [Текст] / С. Қондыбай – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.

## REFERENCES

1 Nusipalikyzy, A., Maulenov, A. Archetypal characters of the mythological plot in the novel of Altay, s “The red Modagai of Altai”. Science and life of Kazakhstan, (2019): № 2 (76), 182-185 p.

2 Tusiphan, N. Zhazushy zhauapkershiligi. [Responsibility of the writer]. «Kazakh adebieti» gazetі, (2016): – (in Kaz)

3 Mentebaeva, A. Zhazushynyn zhalgyzdyk alemi. [The lonely world of the writer]. «Adebiет portaly» – (in Kaz)

4 Yung, K.G. Dusha i mif: shest' arhetipov [Soul and myth: six archetypes]. Kiev; M.: Izd-vo «Port-Royal'-Sovershenstvo», (1997): 382 s. – (in Rus)

5 Altaj, A. Tuazhat. Roman. [Tuazhat. Novel.]. «Abaj» akparattyk portaly – (in Kaz)

6 Kenesbaev, T. Leninnin batenkesi. Angime. [Lenin's boots. Story.]. «Alash ajnasy» portaly – (in Kaz)

7 Aronrly, S. Tolyk shygarmalar zhinagy. 1-kitap. [Complete collection of works. Book 1.]. Almaty: Adebiет alemi, (2015): 552 b. – (in Kaz)

8 Kondybaj, S. Tolyk shygarmalar zhinagy. 12-tom: Argykazakh mifologiyasy. 4-kitap. [Complete collection of works. Volume 12: Ancient Kazakh mythology. Book 4.]. Almaty: «Arys» baspasy, (2008): 536 b. – (in Kaz)

## АРХЕТИПИЧЕСКИЕ СИМВОЛЫ НЕОМИФОЛОГИЧЕСКИХ МОТИВОВ В РОМАНЕ А. АЛТАЯ «ТУАЖАТ»

*Аннотация.* В статье рассматриваются архетипические символы, отраженные в древнеказахских мифах неомифологических мотивов романа А. Алтая «Туажат». В мировой и отечественной литературе интерес и поиски мифа не уменьшились, а возросли. Не осталась в стороне и проза нашей национальной литературы, которая является составляющей казахской культуры. Сколько бы ни сталкивалось современное человеческое общество с экономическими трудностями, современная отечественная литература переживает духовно-культурное возрождение. Сегодняшняя отечественная литература вдохновляется древним казахским архетипом, и пишутся произведения, отвечающие требованиям времени. Наши писатели свободно предаются мистическим, утопическим и фобическим творческим формам, отраженным в мировой культуре с помощью мифов, и описывают свои мысли символическими метафорами.

Мифология обретает собственное поэтическое мышление в произведениях Аскара Алтая. Такое мыслительное мышление демонстрирует полное творческое владение автором природы процесса мифификации реалистических и постмодернистских течений. Автор обращает внимание на мифы и фольклор в изображении различных негативных явлений, чуждых современному обществу. Он также обогатил ранее устойчивые и традиционные мифологические шаблоны, подвергнув их различным изменениям.

Близость художественной прозы к философии и психологии – доказанный факт современного литературоведения. Поэтому с авторским мифом связана эпоха появления новых абсурдных, изобразительных и мистических произведений, постепенно отходящих от господства сегодняшнего реализма.

Таким образом, в начале XXI века казахские прозаики, писавшие в различных жанрах, стали свободно познавать мировые и древнеказахские мифологические материалы. В творчестве Аскара Алтая различные культурные направления и литературные реминисценции соединились в одном месте в пространстве художественного текста. Вместо традиционализма автор создал новые мифы, рассказанные современным «сказочником», имеющим свои особенности, иной стиль речи, иное понимание жизни.

**Ключевые слова.** Архетип, постмодерн, мифология, процесс мифификации, неомифология, авторский миф.

### ARCHETYPAL SYMBOLS OF NEO-MYTHOLOGICAL MOTIFS IN A. ALTAI'S NOVEL «TUAZHAT»

**Abstract.** The article deals with the archetypal symbols reflected in the ancient Kazakh myths of neo-mythological motives of A. Altai's novel «Tuazhat». In world and domestic literature, interest and the search for myth did not decrease, but increased. The prose of our national literature, which is a component of Kazakh culture, did not stand aside. No matter how much modern human society faces economic difficulties, modern domestic literature is experiencing a spiritual and cultural revival. Today's domestic literature is inspired by the ancient Kazakh archetype, and works are written that meet the requirements of the time. Our writers freely indulge in mystical, utopian and phobic creative forms, reflected in world culture with the help of myths, and describe their thoughts with symbolic metaphors.

Mythology acquires its own poetic thinking in the works of Askar Altai. Such mental thinking demonstrates the author's complete creative possession of the nature of the process of mythification of realistic and postmodernist trends. The author draws attention to myths and folklore in the depiction of various negative phenomena that are alien to modern society. He also enriched previously stable and traditional mythological patterns by subjecting them to various changes.

The proximity of artistic prose to philosophy and psychology is a proven fact of modern literary criticism. Therefore, the era of the emergence of new absurd, pictorial and mystical works, gradually moving away from the dominance of today's realism, is connected with the author's myth.

Thus, at the beginning of the 21st century, Kazakh prose writers, who wrote in various genres, began to freely learn world and ancient Kazakh mythological materials. In the work of Askar Altai, various cultural trends and literary reminiscences are combined in one place in the space of a literary text. Instead of traditionalism, the author created new myths told by a modern "storyteller" who has his own characteristics, a different style of speech, a different understanding of life.

**Key words.** Archetype, postmodern, mythology, mythification process, neomythology, author's myth.